

ӨОЖ 323.22 (574)

М. Сеңгірбай

Кавказдағы конфликтілердің ортақ сипаттары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Mukhtar.zh@gmail.com

Аннотация. Мақалада Кавказдағы этностық конфликтілердің тұтану себептері талданады, сондай-ақ әр конфликтіге тән ортақ сипат пен конфликтінің бастапқы кезеңінде жіберілген қателіктер сарапталады. Автор конфликтінің өршуіне түрткі болған ортақ факторларға тоқталып, әр конфликтінің өзіне тән ерекшелігін атап көрсетеді. Сараптама көбіне ағылшын тілінде жарық көрген ғылыми еңбектерге сүйене отырып жазылған.

Түйін сөздер: этностық конфликт, конфликт ұштағаны, мәдени қақтығыс, ұлттық мобилизация, сепаратизм, коммунистік идеология.

М. Горбачевтың жариялылық науқанының арқасында КСРО аумағында бұрыннан латентті жағдайда жүріп жатқан конфликтілер ушыға берді. Бұрыннан дұрдараз болып келе жатқан аймақтарда – Армения мен Әзірбайжан арасындағы даулы аймақ – Таулы Қарабақта, Грузияның екі бірдей автономиялық аймағы – Абхазия мен Оңтүстік Осетияда, Молдованың автономиялық аймағы – Приднестровьеде, Ресейдің құрамындағы Шешен-Ингуш республикасында этностық негіздегі қарулы қақтығыстар орын алды. Бұл конфликтілер бірнеше мәрте эскалация кезеңіне дейін ушығып, өте көп адам және ресурстар шығынына алып келді.

Біздің байқауымызша, ТМД-дағы осы конфликтілердің барлығына ортақ сипаттар бар.

Ұлттық жады

КСРО ыдыраған тұста кикілжіңге араласқан этностардың арасында бұрыннан келе жатқан алауыздық, өзара сенімсіздік, жеккөрушілік бар. Жариялылық науқаны, орталықтағы биліктің әлжуаздығы сол ескі ашу-ызаның қайта оянып, оның өршуіне әкеліп соқтырды. Галтунг «конфликт ұштағаны» теориясы негізінде қақтығысты тікелей қақтығыс, құрылымдық қақтығыс, мәдени қақтығыс деп жіктейді. Шешенстан-Ресей соғысы басталар қарсаңында мәдени қақтығыстың айқындығы басым болды. Ресей Шешенстанды XIX ғасырда отарлағанымен, шешен ұлты осы кезге дейін өздерін мәдени тұрғыда ресейлік деп сезіне алмай келді, шешендер Ресейдің саяси-мәдени үстемдігін қабылдай алған жоқ [1]. Ресейдің Кавказ-

ды жаулап алу оқиғасынан басталатын орыс-шешен текетіресі антагонистік топтар арасындағы бітіспес жаушылдықты қалыптастырды. «Л.Толстой мен М.Лермонтовтың және басқалардың шығармалары арқылы мәңгіге суреттелген Кавказ соғыстары орыс мәдениетінің маңызды бір бөлігіне айналды, тәуелсіздік жолында тау халқына тән айбаттылықпен табанды түрде күрескен шешендердің қарсылығы батырлықтың нышаны болды. Тарихтан алған осы бір тәжірибе ұлттың жаңа сипатын қалыптастыруда кәдеге жарайды», – деп жазады Стэнфорд университетінің профессоры Г. Лапидус [2].

Шешенстанда билікті қолға алып, радикалды операцияларды бастауға шешім қабылдағандардың көпшілігі – 1944 жылғы жер аудару науқанынан жапа шеккен, Қазақстан жерінде дүниеге келген шешендер. 1942 жылы Вермахт әскері Кавказ жерінде жетуге шақ қалғанда КСРО басшылығы шешен-ингуштардың фашистік Германиямен ауыз жаласуынан күдіктеніп, оларды Қазақстанға жаппай көшіріп жіберді. Орыстардың шешендерге сенімсіздікпен қарауы, туған үйлерінен ажырап қалғандардың тартқан тауқыметі, одан соң 1956 жылғы Н.Хрущевтың шешімімен отандарына қайта оралуы – осының барлығы шешен соғысын бастаушылардың көкейінде тұрды [3].

Ұлттың жадындағы алыс және жақын тарихта болған оқиғалардан туындаған ыза-кек грузин-абхаз, грузин-осетин, армян-әзірбайжан және орыс-шешен қақтығыстарының тұтануына тікелей ықпал етті.

Автономиялық аймақтар өздері бағынатын мемлекеттің өкіметін отарлаушы деп санады.

Олардың сепаратистік ұрандар көтеруіне жаңа тәуелсіз республикалардағы ұлттық мобилизация, ұлтшыл ұрандардың көтерілуі түрткі болды. Бұған дейін одақтық республиканың шектен шығып кетпеуіне Мәскеу кепілдік беріп келген болса, КСРО тараған соң автономиялар мұндай кепілдіктен айырылып қалды. Әзірбайжанда, Грузияда билік басына ұлтшыл тұлғалардың келуі жағдайды одан сайын ушықтырып жіберді. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер еркіндікті бірден сезініп, титулдық этностың ұлттық символдарын мемлекеттік деңгейде бекітуге көше бастады. Мәселен, 1989 жылғы тамызда Грузияның Жоғарғы кеңесі тіл туралы заң қабылдап, республиканың барлық аумағында грузин тілін білуді міндеттеді. Бұл осыған дейін грузин тілін үйренбей келген автономия халықтарының наразылығын әрі үрейін туғызды.

Этнонационализмге негізделген федералдық жүйе

Батыс ғалымдары коммунистік режимдегі үш федеративтік мемлекет – Югославия, Чехословакия және КСРО-ның ыдырап кетуіне олардың этнофедеративтік негізде құрылуы себепкер болды дейді. Орталық мемлекеттік құрылымның осалдығы этникалық тұрғыдан дараланған аймақтардағы ұлттық элиталардың бас көтеруіне, сөйтіп мемлекеттердің этностық негізге сүйенген федералдық шекаралар бойынша ыдырауына алып келді. КСРО-да кеңестік республикалармен қоса автономиялық республикалар мен облыстардың барлығы дерлік этностық ерекшелігі бойынша құрылып, олардың шекаралары белгілі бір ұлт тығыз қоныстанған аймақтың шекарасына біршама сай келетіндей етіп белгіленді. Д.Мэйер автономияны «этностық қақтығыстардың барлығын шеше алатын ең озық рецепт» деп атағанымен, соның негізінде болатын ықтимал конфликтілерді реттеу механизмдері алдын-ала қарастырылмаған болса, оның елдегі тұрақтылыққа қатер төндіретін салдары да болуы мүмкін екенін ескерткен.

С.Корнелл орынды атап көрсеткеніндей, 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында Кавказда автономиясы жоқ бес этностық топтың ешқайсысында қолдаушысы мықты, жақсы ұйымдасқан лайықты сепаратистік ұйымдар қалыптасқан жоқ. Керісінше, төрт автономиялық өңірдің барлығында нағыз сепаратизм бұрқ етті және Аджариядан басқасында шиеленіс қарулы қақтығысқа ұласты [4].

Автономиялық аймақтардың шекаралары этнос үшін үлкен символикалық маңызға ие болды. Б.Андерсон атап көрсеткеніндей, саяси картада белгіленген шекара сызығы әр ұлттың егемендігі таралатын аумақтың шетшегін айқындайды. Коммунистік лагерьдегі этнофедеративтік мемлекеттерде әр одақтық республиканың, әр автономиялық республика мен облыстың аборигендері өз егемендігін сол кесілген шекараның ауқымында қарастырды және одақ тарағанда өздеріне тиесілі жердің аясында өз саяси мәртебелерін айқындауға күш салды.

Коммунистік идеология әлеуметтік теңдікке негізделген «кеңес халқын» қалыптастыруға ұмтыла отырып, білім беру жүйесіндегі этностық негізді сақтап қалды. Өз тілінде білім алып шыққан жергілікті ұлт өкілдері үшін жасанды түрде қалыптастырылған «кеңес халқынан» гөрі ұлттық дәстүр-салт пен сана-сезімге негізделген даралану жақынырақ болды. «Адамның этностық сүйіспеншілігін қалыптастыру үшін оған өзінің этностық даралығы туралы ақпаратты ерте бастан жиі-жиі беріп отыру керек. Кеңестік ұлттар саясатының тұрғысынан алып қарасак, бұл көбіне-көп білім беру жүйесі арқылы жүзеге асты», – деп жазады Д.Горенбург [5]. Сепаратистік аймақтар заң жүзінде өздері бағынған республикалармен этностық біртұтастықты сезіне алмады. Таулы Қарабақ тұрғындарының басым көпшілігі жаңа тәуелсіз мемлекет – Әзірбайжанның мемлекеттік тілін білмеді, ал Абхазия мен Оңтүстік Осетия тұрғындары грузин мәдениеті мен тілінен гөрі орыс мәдениетіне жақындықты сезінді.

Экономикалық дамудың төмендігі

КСРО-дағы жоспарлы экономикаға негізделген өндірістік-шаруашылық жүйенің сыр беруі, инфляцияның өсуі, халық тұтынатын тауарлардың тапшылығы аймақтардағы онсыз да күрделеніп тұрған әлеуметтік ахуалды одан сайын шиеленістіріп жіберді. Батыс және Ресей сарапшыларының әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды кикілжіңге түрткі болатын ең басты фактор етіп көрсететінін ескерсек, Кавказдағы оттың тұтануына КСРО-дағы жаппай экономикалық құлдыраудың басты алғышарт болғаны түсінікті. Батыс зерттеушілері қоғамда ішкі кикілжіңді тудыруға себепкер басты факторлар ретінде экономикалық дамудың төмендігін, ел басқару тетіктерінің аяқ астынан

күйреуін, бүлікшілерді қаржыландыруға мүмкіндік берілуін, мұның алдында соғысты бастан кешкенін, халықтың ұлттық құрамының әркелкілігін және бүлікшілердің жасырынуына мүмкіндік беретін ыңғайлы географиялық аймақтың (тау, орман) болуын айтады. Дж. Фиарон мен Д. Лейтиннің есептеуінше, жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 1000 АҚШ долларынан төмен елдерде қарулы бүлік қаупі 41 пайызға артады. Содан да болар, 1945 жылдан бері орын алған 127 ішкі соғыстың 34-і Африканың Сахара аймағында, ал 33-і Азияда болса, тек екеуі ғана бақуатты Батыс аймағында бұрқ еткен. Д. Хоровиц экономикалық тұрғыдан мешеу аймақ пен дамыған аймақ арасындағы әлеуметтік теңсіздік этностық дұрдараздыққа негізделген конфликтіге алып келуі мүмкін дегенді айтқан. Ресей ғалымы А. Ямсковтың айтуынша, Кавказдағы соғыстардың алғашқы кезеңінде әлеуметтік-экономикалық себептер тұрақсыздықтың басты факторы болған. Таулы Қарабақ тұрғындарының көтерген мәселелерін талдай келе А. Ямсков: «Әу баста экономикалық талаптарға басты назар аударылған, себебі бұл саяси тұрғыдан белсенділігі төмен халыққа ең жақын тақырып болды. Конфликт күшейген сайын бұл тақырып кейінге ысырыла берді», – дейді [6].

Дүниежүзілік банктің есептеуі бойынша, Кавказдағы үш елде де 1990-жылдардың басында экономикалық жағдай күрт құлдыраған (1-кесте). Ахуалдың нашарлауы жалпы бұрынғы Кеңес одағы аумағына ортақ құбылыс болғанымен, сепаратистер қалыптасқан жағдайды өз мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысты. Сепаратистік аймақтар, атап айтсақ, Қарабақ армяндары және абхазиялықтар, бөліну туралы ұрандарының орындылығын дәлелдеу үшін одақтық республикалардың әділетсіз экономикалық саясатынан жапа шегіп отырғандарын айтып, дабыл қақты. К.Зюрхердің айтуынша, шын мәнісінде солай болғанын дәлелдеу қиын, бірақ Кеңес одағындағы ең айтулы демалыс орындарының бірі болған Абхазиядағы жағдайдың күрт нашарлауы ондағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне бірден әсер етіп, олардың орталыққа қарсы бас көтеруіне түрткі болды. 1990 жылы Грузиядағы экономикалық өсім 11,1 пайызға, 1991 жылы 20,6 пайызға, 1994 жылы 40 пайызға құлдыраған [7]. Абхазиямен салыстырғанда Таулы Қарабақ пен Оңтүстік Осетия автономиялары экономикалық тұрғыдан біршама артта қалған ауылшаруашы-

лық аймақтары болды. Дегенмен, Таулы Қарабақтағы экономикалық жағдай Әзірбайжанның басқа көптеген мешеу аудандарымен салыстырғанда анағұрлым жақсы еді. Соған қарамастан, Қарабақ армяндары Арменияға қосылу арқылы бұдан да зор жетістікке жетеміз деген сенімде болды.

1-кесте

Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім.
АҚШ долларымен

| Ел | 1990 жыл | 1995 жыл | 2000 жыл |
|------------|----------|----------|----------|
| Армения | 7940 | 461 | 620 |
| Әзірбайжан | 1250 | 488 | 655 |
| Грузия | 1493 | 458 | 648 |

Дүниежүзілік банктің мәліметтері

Орталық биліктің әлсіздігі. Кескілескен кикілжіндердің КСРО бөлшектеніп, әр одақтық республика өз мәртебесін өз бетімен айқындап жатқан аласапыран уақытта туындауы кездейсоқтық емес. Мәскеуден басқарылатын орталықтандырылған жүйе ыдыраған соң кешегі одақтық мемлекеттердің кейбірінде бірнеше жыл бойы анархия орнады. Билікке ұлтшыл популистердің келуі жалындап тұрған ұлттық рухқа дем беріп, басқа этностық топ өкілдерін жауап қадамдарға итермеледі. Бірақ олардың өз іштерінде мемлекеттің негізгі басқару тетіктері қалыптаспаған, биліктің әрекеттерін заңдастыратын заңнамалық база да, бедел де, күштік құрылымдар да болмады. Кавказдағы автономиялық аймақтардың ішінде Дағыстанда неге соғыс болмады деген сұраққа жауап берген сарапшылар онда 1990 жылдары кеңестік басқару институттарының сақталып қалғанын айтады. Билікте вакуум болған жоқ, ал ұлтшыл күштер егемен Дағыстан республикасын жариялау туралы бастама көтергенде жергілікті кеңестердің үштен бірі мұндай мемлекеттің жариялануына қарсы дауыс берді. Кеңестердің мүшелері елдегі қырық құрау ұлттарға бас еркіндігін берсе, олардың өзара қырқысып кететінін түсініп, елді хаостан сақтап қалды.

Басқа аймақтарда жағдай керісінше болды. К. Зюрхердің айтуынша, ішкі алауыздықпен басы қатқан Ресей Шешенстанды 1991 жылдың желтоқсанынан 1994 жылдың күзіне дейін еркімен қоя берді. Сол аралықта Шешенстан сепаратистік аймақтан халықаралық террордың, есірткі тасымалы мен қылмыстың ордасына айна-

лып үлгерді. Екінші шешен соғысы қарсаңында Шешенстан аумағында дала командирлерінің ғана билігі жүрді. Тәртіп орнатуға көшкен кезде Шешенстанда қолында еш билігі жоқ президент, еш жауапкершілігі жоқ парламент, президенттік Шура мен оған қарама-қарсы оппозициялық Шура ғана болды. Конституциялық сот та, заңдық күші бар конституция да болған жоқ, себебі президенттің өзі оның күшін жойып, шарифат заңдарына негізделген жаңа конституцияны қабылдайтынын айтқан, бірақ ол сол күйі қабылданбай қалды. Сарапшылардың айтуынша, орталық Мәскеу шешен дауын тек президент сайлауы қарсаңында есіне түсіріп, Ельцинді қайта сайлап алу үшін оны уақытша болса да тыныштандыра тұруды мақсат еткен.

Іргелес жатқан Грузияда екі сепаратистік аймақпен арадағы конфликтілер эскалация жағдайына жеткен тұста жалпы ахуал Шешенстандағыға ұқсас еді. Грузиндердің ұлттық мүддесі жолындағы жалынды күресінің арқасында билікке келген З.Гамсахурдия жаңа құрылған мемлекеттік институт – Ұлттық гвардияны Оңтүстік Осетияны басуға айдап салды. Шешенстандағы Дудаев, Әзірбайжандағы Елшібей секілді оның да билігі өте әлсіз болды, сондықтан кикілжіңді бейбіт жолмен тоқтату әдістерін қарастырудың орнына олардың әрқайсысы халық алдында «әлсіз» көрініп, билік тізгінен айырылып қалмау үшін қаһарман қолбасшы кейпінде танылу мақсатында аяусыз әскери шабуылға жүгінуді жөн көрді. Дж. Рассел Кавказ кикілжіңдерін Солтүстік Ирландиядағы қақтығыспен салыстыра келе мұндағы конфликтінің қантөгіске ұласу себебі қатысушы тараптар жағынан да, медиаторлар мен халықаралық қауымдастық тарапынан да кесімді сөз айта алатын серкелердің болмағанынан дейді.

Алдын алу механизмдерінің пайдаланылмауы, өркениетті түрде кикілжіңді шешу дәстүрінің қалыптаспауы және халықаралық қауымдастықтың бұған мүдделі болмауы. Кез келген қарулы қақтығысты түрлі кездейсоқтықтардың тоғысуы дейтін болсақ, Кавказда бұл кездейсоқтықтардың саны тым көп болды. Тараптардың бейбіт жолды іздемей, бірден күш қолдануы – КСРО-да өркениетті түрде кикілжіңнің алдын алу жүйесінің мүлде қалыптаспағанын айғақтаса, жекелеген лидерлердің менмендігі мен саяси өресіздігі жағдайды одан сайын шиеленістіре түсті. Бұған

Батыстың немқұрайдылығы мен кейбір үшінші тарап елдердің қалыптасқан ахуалдан өзіне пайда іздеген саяси эгоизмін қосыңыз. Таулы Қарабақ мәселесіне байланысты келіссөздердің тығырыққа тіреле бергенінен мезі болған Қарабақ өкілі «олар бізге емес, біз ЕҚЫҰ мен Ресей арасында медиатор болдық» деп кекесінмен мәлімдеуі де соны аңғартады.

Бұрынғы Кеңес одағы аймағындағы қақтығыстардың барлығына ортақ кемшілік – тараптар тығырықтан бейбіт жолмен шығу амалдарын қарастырудың орнына бірден қаруға жүгінді, қарсы жақтың талаптарына құлақ асудың орнына, оның кері реакциясын туғызатын әрекеттерге барды. Ресей басшылығы күмәнді де болса аздаған легитимділігі бар (1991 жылы 90 пайыздық дауыспен сайланған) президент Дудаевпен адамша сөйлесуден бас тартып, ол тәуелсіздік туралы риторикалық мәлімдемелер жасай бастағанда Шешенстан аумағында төтенше жағдай жариялап, әскер кіргізуге талпыныс жасады. Бұл шешен жағын қорғанысқа әзірленуге мәжбүр етті. Г. Лapidустың пікірінше, шешен конфликтісінің бастапқы кезеңінде жағдайдың эскалацияға ұласып бара жатқанынан қатысушы тараптар да, халықаралық қауымдастық та хабардар болды. Ерте дабыл қағу белгілері аян еді, тіпті оған қандай шара қолдануға болатыны туралы да ұсыныстар дайын болды. Алайда, Ресейдің әскери шабуылы басталғанға дейін лайықты шаралар уақытысында қолға алынбады.

Батыс мемлекеттері Қарабақ дауына араласа бастаған алғашқы кезеңде, яғни 1992 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығында қантөгісті болдырмауға мүмкіндік көп еді. Себебі, «батыс елдері әлі Югославиядағы сәтсіздікті бастан кешірмеген болатын, яғни оларға сенім бар еді. Сондай-ақ, бұл «бұрынғы КСРО – Ресейдің қал ету аймағы» деген ұғым орныға қоймаған кез болатын. ЕҚЫҰ-ға да үміт артқандар болды, себебі оның мүмкіндіктері мен шамасы әлі белгісіз еді. Мұнымен қоса, конфликтіге қатысушы тараптар халықаралық қауымдастықтың қысымына қарсы тұра алатындай қауқарлы емес болатын» [8].

Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт нашарлауы, одақтық мемлекеттер арасында бұрыннан қалыптасқан шаруашылық-экономикалық байланыстардың үзілуі, өндіріс орындарының тоқтауы, инфляция – осының барлығы онсыз да тұтанғалы тұрған отқа май құйды. Осы тұста Мәскеу де, одақтық республикалардың басшылығы да билікті қолына

шоғырландыруға қауқарсыз болды, қалыптасқан күрделі жағдайды орынды бағалап, дер кезінде шара қолдануға олардың әлеуеті мен құзыреті жетпеді. Мұнымен қоса, КСРО кезінде қалыптасқан ақпараттық құрсаулау, қоғамдық наразылықты күшпен жаншып тастау дәстүрінің орнын алмастыратын өркениетті қоғамдық-саяси ахуал қалыптасып үлгерген жоқ еді. Азаматтық қоғам әлі де шалажансар күйде болды, ерте дабыл қағуға, әлеуметтік-гуманитарлық көмектің жеткізілуін ұйымдастыруға, араағайындық жасауға, қоғамдық пікірді зерттеуге тиісті болған үкіметтік емес ұйымдар жоқтың қасы еді.

Әдебиеттер

- 1 Russel J. Obstacles to peace in Chechnya. Europe-Asia studies. Vol. 58, No. 6. 941-964 (2006).
- 2 Lapidus G. Contested sovereignty. The

tragedy of Chechnya. Vol. 23, No. 1 (1998).

3 Zurcher C. The Post-Soviet Wars. New York University Press, 2009, New York, p.118.

4 Cornell S. Autonomy as a source of conflict. Caucasian conflicts in theoretical perspective. World Politics. Vol. 54, No. 2 (2002). pp. 245-276.

5 Gorenburg D. Nationalism for the masses: Popular support for nationalism in Russia's ethnic republics. Europe-Asia Studies. No. 53 (2001), p.74.

6 Yamskov A. Ethnic conflict in Transcaucasus: The case of Nagorno-Karabakh. Theory and Society. No.20 (1991). pp. 631-660

7 Zurcher C. The Post-Soviet Wars. New York University Press, 2009, New York, p.42.

8 Maresca J. Resolving the conflict over Nagorno-Karabakh: Lost opportunities for international conflict resolution. Managing global chaos: Sources of and responses to international conflict. C.Crocker, F.Hampson, P.Aall, Eds. United States Institute of Peace Press, Washington, D.C.

М. Сенгирбай

Общая характеристика конфликтов Кавказского региона

В статье рассматриваются причины возникновения этнических конфликтов, а также анализируются общие характеристики и ошибки, допущенные на первых стадиях вооруженных столкновений на Кавказе. Автор обобщенно анализирует общие факторы, вызвавшие эскалацию конфликтов, одновременно выделяя особенности каждого конфликтного случая. Статья основана на зарубежных источниках, выпущенных на английском языке.

M. Senggirbay

The common features of the conflicts in Caucasus

The article examines the causes of the ethnic conflicts in Caucasus and analyses the common features and mistakes, which were committed at the initial stages of the armed conflict. The author generalizes the common factors caused escalation of the conflict, and at the same time distinguishes the peculiarities of the each case. The article is based on the theoretical conclusions of the foreign sources, published in English language.